

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасының докторанты Алдиярова Жанат Ескелдіқызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Малайзиядағы мемлекеттік – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Оңтүстік-шығыс Азиядағы қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі – Малайзия. 1957 жылы тәуелсіздік алғаннан соң Малайзия көптеген саяси-әлеуметтік, экономикалық қиыншылықтармен бетпе-бет келді және оларды еңсеріп әл-ауқаты дамыған елдердің қатарынан орын алды. Қазіргі уақытта Малайзия экономикасы – Оңтүстік-шығыс Азияда үшінші, әлемдегі отыз сегізінші орындағы ауқымды экономика. Қазақстан сияқты Малайзия халқының құрамы әртүрлі этникалық топтардан тұрады. Малайлар мен автохтонды тайпалар Малайзия халқының 60 % астамын құрайды. Елдегі ең көп таралған этникалық топар – кытайлар (23 % жуық) мен үнділер (10 % жуық). Малайзияның халқының этникалық құрамы елдегі конфессионалдық қатынастарға да ықпал етеді. Малайлықтардың басым бөлігі исламның сунниттік бағытын ұстанады және мұсылмандық дәстүр малай мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Қытай және Шри Ланка арқылы таралған буддизм – елдегі көп таралған екінші конфессия. Малайзияда католицизм мен протестантизм бағытындағы христиан діні және индуизм де таралған. Малайзиядағы этноконфессионалдық жағдайдың қалыптасуына кезеңдегі еуропалық елдердің отаршылдық саясаты ықпал етті. Тәуелсіздіктен кейін Малайзия мемлекеті отаршылдықтың зардаптарын жоюға, этноконфессионалдық жағдайды реттеуге, төл мәдениетін және оның ажырамас бөлігі ислам құндылықтары мен дәстүрін бекітуге бағытталған нық қадамдар жасады. Сонымен қатар ислам фундаментализміне бой алдырмай, өркениетті ислам тұжырымын жасап, оны қоғамдық өмір салаларына орнықтыру саясатын қолға алды.

Алдиярова Жанат Ескелдіқызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Малайзиядағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысы жоғарыда аталған мәселелерді тарихи және қазіргі заманғы контексте талдауға арналған. Екі тараудан тұратын ғылыми жұмыстың «Малай мемлекеттілігінің қалыптасып дамуындағы діннің орны» деп аталатын бірінші тарауында Малай мемлекеттілігінің қалыптасып дамуындағы діннің орны мен рөліне, Малайзия мемлекеттік және діни институттарының ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі орны мен қызметтеріне және сондай-ақ Қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы саясатының басым бағыттарына талдау жасалады.

Ізденушінің диахронды және синхронды, құрылымдық-функционалдық талдау тәсілдерін ұтымды қолдануы және осы елде ұзақ уақыт тұрып, білім алуы аталған мәселелерді қоғамдық өмірдің шынайылығында зерттеуі Малайзиядағы мемлекет-конфессионалдық қатынастардың ерекшеліктері мен өзіндік сипатын терең ашуға мүмкіндік береді. Мемлекет-конфессионалдық қатынастардың Малайзиялық моделі Малайя ұлттық мәдениетінің дәстүрі мен діни іргетасын сақтап дамытуға мүмкіндік беретін исламға басымдылық бере отырып, ел өміріндегі діни плюрализмнің маңыздылығын негіздейтін құқықтық және институционалдық құрылымдарды да дамытады. Бұл өз кезегінде дін саласындағы діни бірегейлік пен поликонфессионалдық принциптерінің теңгерімін сақтауға бағытталған салиқалы саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасы мен Малайзия Федерациясындағы мемлекет пен дін қатынастарының өзіндік ерекшеліктері мен перспективалары» атты екінші тарауда екі елдің ұлттық және діни бірегейлікті қалыптастырып дамытуға бағытталған саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени бағдарларына салыстырмалы талдау жасалып, екі елдің өзара

қатынастарын дамытудың перспективалары қарастырылады. Бұл тараудағы зерттеудің эмпирикалық негізін мемлекеттердің конфессиональдық саладағы саясаты көрініс тапқан ресми құжаттар, БАҚ деректері, қоғамдық өмірдегі дін дискурсты бақылау, эксперттік пікірлерді талдау құрайды. Методологиялық инструментарийі герменевтикалық талдау және контент-анализ, кросс-мәдени саралау тәсілдеріне негізделеді.

Екі елдің этникалық және конфессионалдық құрамындағы ұқсастықтар осы мемлекеттердің мемлекет-конфессионалдық, этнос және конфессия аралық қатынастарды реттеу саласындағы жинақтаған тәжірибелерін саралап, ұтымды шешімдерін қолдана алуды маңызды етеді. Малайзияның исламдық дискурсты дамытудағы исламдық білім беру, исламдық қаржы саласы, ислам банкингі, исламдық сақтандыру жүйесі, исламдық құқық, ислам хадхари тұжырымдамасы, халал индустриясын дамыту салаларындағы табысты тәжірибесі еліміздің мәдени-рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуында қолданыс таба алады.

Қорыта келе Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасының докторанты Алдиярова Жанат Ескелдіқызының «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Малайзиядағы мемлекеттік – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің «Ғылыми атақтар беру ережесінің» талаптарына сай орындалды және «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

Ғылыми консультант
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті, дінтану кафедрасы
Философия ғылымдарының докторы,
профессоры

Қ.А. Затов

